

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 14/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 11 наурызда № 6732-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы" заңдарына, "Жекешелендіру объектілерін сату Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 26 қазандағы №890 қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылсын деп танылсын:

1) Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қарашадағы № 64/05 "Облыстық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3522 болып тіркелген);

2) Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 26/01 "Облыстық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" 2015 жылғы 05 қарашадағы № 64/05 Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5318 болып тіркелген).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Булекпаев